

СӨЖ мен СОӨЖ тапсырмаларын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық

Студенттерді өз беттерінше жұмыс істеуі өздерінің ғылымға деген ынтасын қалыптастырады. Сонымен қатар дүниеде немесе елімізде болып жатқан шараларды ұғынады және де болашақта сол шаралармен мәселелерді шешуге ат салысады.

Эссе – белгілі бір тақырып бойынша еркін түрдегі пікір келтіру. Негізгі мақсаты - өзінің көзқарасын аргументтер келтіріп, дәлелдей білу. Эссенің құрылымы, әдетте, кіріспеден, негізгі бөліктен және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тақырыпқа байланысты пікірлердің айырмашылықтары қарастырылады. Негізгі бөлімде автор аргументтер келтіріп, өз пікірін (пайымдауын) білдіруге пайдаланылатын негізгі ұғымдарға анықтама береді; кейбір жағдайда қарама – қайшы келетін пайымдаулар да келтірілуі мүмкін (мұнда, басқалардың пікірі неге әлсіз, автордың пікірі неге өз күшінде қалатындығына дәлел болуы керек). Қорытындыда резюме (пікір) ретінде бір – екі сөйлем келтіріледі. «Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негізі» тақырыбында эссе жазу қарастырылған. 2 не 3 беттен тұрады (А 4). *Міндетті тәрде* *□дебиет к□зін келтіру керек*

2.Аннотация – қандай да бір мақалаға (сынап –мінеу, түсіндіру) талдау жасау. Жұмыс мерзімді басылымдарға шолу жасаумен түсіндіріледі. «Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі салықтық реттеудің мәселелері» (тақырып 2) деген тақырып шегінде аталған тапсырманы орындау қарастырылған. Сізге аталған тақырыпқа қатысты мақала таңдап алу керек (көлемді болса, онда 1; егер көлемі аз болса 2 немесе 3 мақала) және оны талқылау керек. Түсіндіру немесе талдау (комментарий) аталған мақаланың таңдалуына негіздеме жасаудан және сіздің пікіріңізден (мақала авторының пікірімен келісесіз бе, жоқ па) тұрады. Мақаланы пайдалана отырып, автордың аты – жөнін, алыну көзі мен айы – күнін көрсетуді ұмытпаңыз. Алыну көзіне деген міндетті талап – басылым ресми түрде болуы шарт. *Тапсырма к□лемі: А 4 беті- бір жа□ында жапсырыл□ан ма□ала, екінші жа□ында сізді□ аннотация□ыз (е□ аз дегенде 5 с□йлем) Міндетті тәрде* *□дебиет к□зін келтіру керек*

3.Шағын топтардағы жұмыс. Шағын топтардағы жұмыстың ерекшелігі (4-6 адам) жалпыға ортақ максималды тиімділікке жету үшін топтардың мүшелерінің арасында міндеттемені нақты түрде олардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып бөліп беру маңызды мәселе болып табылады.

Презентация – бұл ауқымды да көлемді жұмысты қысқа да түсінікті түрде және қызықты етіп көрсету. Жақсы презентация жасау үшін нақты бір тақырыпты таңдап алу керек, оны өңдеп (немесе түрлі көздерден бір құрылымдағы композиция жасау, яғни бір жүйеге келтіру) және ауызша нысанда көпшілік алдына шығару керек. Презентацияның сценарий ретінде барлық көздерден алынатын ақпараттарды пайдалану қажет; олардың негізінде жинақталған материалдар жазбаша түрде форматқа түсірілуі керек (түрлі кестелер ретінде, қабылдауға ыңғайлы сызба түрінде болуы мүмкін). Жұмыстың соңғы нәтижесі ауызша айтып берумен қорытындыланады.

Семестрдегі келесі тапсырма – «Салықтық бақылауды ұйымдастыру негізі» тақырыбындағы презентацияны жасау кезінде сіздерге шағын топ құру ұсынылады және топ мүшелерінің арасында міндеттемелерді бөліп беру керек: біреулер материал жинаумен, екіншісі – оларды өңдей отырып, сценарий жазады, үшіншісі – сызбаны құрастырады немесе презентацияға таратпалы материалдар дайындайды, тағы біреулері – ауызша айтуға, сұраққа жауап беруге дайындалады.

Тапсырма к□лемі: жазбаша – сценарий А4 бетке, кем дегенде 3 беттен тұруы тиіс: ауызша 7 минуттан аспауы керек. Сценарийде ақпарат көздерін жазуды ұмытпау қажет және шағын топтың мүшелері мен олардың арасында бөлінген міндеттерді қосып жазу керек.

4. Блок – сызба құрастыру – нақты бір салық түрі бойынша ақпараттық жүйенің қалай қызмет ететіндігін көрсетуге тырысасыз және ол графикалық сызба түрінде қысқаша ақпарат беруді білдіреді. *Тапсырма к□лемі:* жазбаша А4 бетке, көлемі 2 беттен кем болмауы тиіс, сонымен бірге, ақпарат көздерін жазуды ұмытпау қажет.

5.Іскерлік ойын. Қаржылық бақылау нысандары бойынша топ ішілік жұмыс жүргізеді. Атап айтқанда қаржылық тексерулердің түрлері бойынша топ екі топшаға бөлінеді: бір жағы түрлі

меншік нысанындағы кәсіпорын мен ұйымдардың түрлері, екінші жағы Есеп комитетінің лауазымды тұлғалары ретінде жұмыс жасайды.

6. Экономикалық талдау жасау – сіздерге ұсынылатын сандық мәліметтер негізінде мемлекеттік қаржылық бақылаудың өсу қарқынын, үлес салмағын, өткен жылдармен салыстыра отырып талдау жасау керек. Тапсырманы орындау аналитикалық кесте тұрғызу, график, диаграммалар жасауға негізделеді. Және олар республикада болып жатқан басқа да экономикалық жағдайлармен байланыстырыла отырып талданады.

Тапсырма көлемі: жазбаша А4 бетке, көлемі шамамен 2-4 беттен тұрады, сонымен бірге, ақпарат көздерін жазуды ұмытпау қажет.

7. Шолу және аннотация – пән тақырыбына арналады. Мұндағы мүмкін болатын бағыттар: халықаралық қызметті жүргізу нысандары мен әдістеріне тоқталып, ондағы кездесетін кейбір проблемалық мәселелді атап өту керек және жетілдірудің қандай жолдары бар екендігіне тұжырымдар жасап, оны негіздеу қажет.

Тапсырма көлемі: жазбаша А4 бетке, көлемі шамамен 2-3 беттен тұрады, ауызша 3 минут, ақпарат көздерін жазуды ұмытпау қажет.